

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің екінші отырысының
№2 хаттамасы**

Қордай ауылы
«AMANAT» мәжіліс залы

21.02.2025 жыл
сағат 10:00

Қатысқандар: аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшелері - 9 адам,
қатыспағандар - 2 денсаулығына байланысты себепті (Алматаева А,
Агибаева К).

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Хатшысы: - Р.Имашева

Күн тәртібі:

- 1. Аудандық Қоғамдық кеңестің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған іс-жоспарын бекіту;**
- 2. Әр түрлі мәселелер.**

Төрағалық етуші: Қоғамдық кеңес төрайымы – Н.Молдабеков өз сөзінде аудандық Қоғамдық кеңестің жаңа құрамындағы кеңес мүшелері Қоғамдық кеңестің екінші отырысына жиналып отырсыздар. Үлкен жауапкершілік пен, белсенділікпен конкурса қатысып, аудандық Қоғамдық кеңестің мүшелігіне өттіңіздер. Сіздерді тағы құттықтай отырып, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! Аудандық Қоғамдық кеңестің жұмыстары жаңа Қазақстанда зор жауапкершілікті, белсенділікті көрсетуді талап етеді. Сондықтан да, өз жұмыстарыңызды жоғары деңгейде атқаруды айта отырып, алдарыңызда аудандық Қоғамдық кеңестің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған іс-жоспарының жобасы алдын ала талқылауға берілді.

Ақпан айының 18 –ші жұлдызында алғашқы аудандық Қоғамдық кеңестің отырысында кеңес мүшелерімен Қордай ауданының Қоғамдық кеңесі туралы Ережесі бекітілді. Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған іс-жоспары өткен отырыста барлық қоғамдық кеңес мүшелеріне берілген болатын. Осыған орай, соны талқылап алайық.

Осы жұмыс жоспарын негізге ала отырып, сіздердің ұсыныстарыңызбен редакцияда бекітілсін деп дауысқа қоямын.

Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді өтінемін. Қарсы-? Қалыс? Жоқ, Бекітілсін.

Күн тәртібінің 1- сұрағы бойынша бір ауыздан шешім қабылданды толық талқыланып, бір ауыздан шешім қабылданды.

Келесі мәселе, жоспарға сәйкес төмендегі сұрақтар бойынша зерделеуді тапсырамын.

1. Ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы, көктемгі егіс-дала жұмыстарына дайындық барысы туралы- Агибаева К.Т.

2. Денсаулық сақтау мекемелерінің халыққа көрсетіп жатқан қызмет сапасын зерделеу- Жаманкөзев Б.Т.

3. Жергілікті полиция қызметінің аудан көлемінде қоғамдық тәртіп пен қылмыстың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстары туралы- Жаманкөзев Б.Т.

4. «Масанчи ауылдық округі әкімінің аппараты», коммуналдық мемлекеттік мекеменің 2024 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің (қағаз және электрондық нұсқада) бас тартулардың (негізделген/негізсіз) мерзімін бұзулардың, арыз - шағымдардың, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылған қызметкерлердің саны; «Е-Лицензиялау», «Е-Әкімдік» ақпараттық жүйелерінің қызметі; Мемлекеттік көрсетілетін қызметті жетілдіру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар саны ж.т.б; Көрсетілетін қызметтердің мерзімін бұзудың себептері, оның алдын алу бағытында атқарылған шаралар; ұсыныстар мен ескертпелер туралы –Орақбай Ж.

5. Халық тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша атқарылған жұмыстарды зерделеу- Алматаева А.


Зерделеу жұмыстары 2025 жылдың 24 ақпанда басталып, 15 науырызға анықтама, шешім жобасы тапсырылсын.

Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Сіздерге көп рахмет, Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрайымы

 Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы

 - Р.Имашева